



ХҒТАР 14.35.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-149-161>

Болашақ педагог-психологтерді даярлау: буллинг ұғымын түсіну деңгейі

А.Ж. Баймуханова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aizhan_baimukhanova@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде мектеп жағдайындағы орын алған әртүрлі зорлық-зомбылық құбылысы негізгі мәселелердің бірі. Осы зорлық-зомбылықтың бір түрі – оқушылар арасындағы буллинг құбылысы.

Бұл білім беру ұйымдарындағы балалар топтарында жиі кездеседі. Буллинг мәселесінің өзектілігі мектеп оқушыларының бір-біріне қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерінің ұлғаюына байланысты болып отыр. Ол мектеп өмірінің әртүрлі салаларына, оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздік сезіміне, олардың физикалық және психологиялық денсаулығына, іс-шаралардың сапасы мен тиімділігіне, жалпы мектеп өмірінің мәдениетіне әсер етеді. Буллинктің балаға тигізетін салдары өмір бойына созылуы мүмкін. Мектеп буллингі мектептің әлсіз жақтарын көрсетеді.

Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, болашақ педагог-психологтарды буллинктің алдын алуға даярлау қажеттілігіне күмән тудырмайды. Қоғамның даму қарқыны болашақ педагог-психологтарды даярлауға жаңа талаптар қояды. Буллинктің салдары күрделі, оған жол бермес үшін мектептегі буллинктің алдын алуға назар аударуды қажет етеді. Сол себепті мақалада білім беру ұйымындағы буллинктің алдын алуға болашақ педагог-психологтерді дайындау мәселесі қарастырылады, буллинг түсінігі мен салдары нақтыланады. Болашақ педагог-психологтердің буллинг ұғымын түсіну деңгейін анықтау бойынша сауалнама нәтижелері талданып, соның негізінде ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: болашақ педагог-психологтер, буллинг ұғымы, буллинктің алдын алу, студенттер, буллинг салдары, мектеп, оқушы, жасөспірім.

Кіріспе

Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінгі күні бұл мәселе тек отбасылық ортада ғана орын алып қоймайды, оның көріністері қоғамның көптеген әлеуметтік институттарында, соның ішінде білім беру саласында тіркеледі және осының барлығы педагогтер мен психологтердің іс-әрекетінен тыс қалмайды.

Себебі, зорлық-зомбылықтың алдын алу мектеп қабырғасында оқушының жеке әлеуетін толық дамыту және іске асырумен байланысты болады. Бұл жерде тұлғааралық қарым-қатынас сапасына және білім беру ортасындағы психологиялық қауіпсіздікке назар аударған жөн. Қазіргі өмірлік контекст зорлық-зомбылық құбылыстарын оқыту мен тәрбиелеу процестерінен жоққа шығармайды. Осыған байланысты білім беру ортасындағы зорлық-зомбылық феноменін, оның шығу тегін, нысандары мен себептерін зерттеу қажет, себебі ол білім беру ортасының қауіпсіздігін бұзып, білім беру процесіндегі субъектілер арасындағы тұлғааралық қатынастарды құруға және білім алушы тұлғасының дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

Соңғы кезде, кәсіби психологиялық-педагогикалық ортада «буллинг» термині белсенді қолданылады. Ағылшын тіліндегі «буллинг» сөзі қорқытуды, физикалық немесе психологиялық қысым көрсетуді білдіреді, ол басқада қорқыныш тудыруға және сол арқылы оны өзіне бағындыруға бағытталған. Соңғы жылдары әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ұғымдар арасында көп қолданыла бастады, оның алғышарты ретінде әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық проблемалардың жиынтығы байқалады.

Буллинг – бұл күш динамикасының теңсіздігі (күшті әлсіздерге қысым жасайды) және әртүрлі жолдармен жүреді: физикалық зорлық-зомбылық, ауызша қорлау (жеке немесе онлайн) немесе қарым-қатынасты басқару (қауесет тарату, қорлау және әлеуметтік оқшаулау). Бұл әдетте ұзаққа созылады (агрессорлар көпшілігі рецидивист) және кең таралған (бұзақылық бірден бірнеше құрбанға бағытталған) болуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, агрессорлар мен құрбандар орындарын өзгерте алады екен. Сонымен қатар, бірқатар зерттеулер бойынша, буллингтен туындаған «психологиялық жарақат» өмір бойына қалуы мүмкін [1].

Буллинг жасөспірімдерде депрессияны тудырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың болашақ әлеуметтік қабілеттеріне, оқу қабілетіне және академиялық үлгеріміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін [2]. Мектеп – бұл жеке адамды әлеуметтік жауапкершілікпен, өзін-өзі бақылаумен және басқа адамдарға құрметпен, білім мен кәсіби дайындықпен қамтамасыз ететін мекеме. Әр бала мен жасөспірім қауіпсіз мектеп ортасында білім алуға құқылы (Leach, 2005). Алайда, балалар/жастар көптеген себептерге байланысты бұл құқықтардан айырылуы мүмкін және мектептерде қорлау ретінде анықталған жағымсыз мінез-құлыққа тап болуы мүмкін. Зерттеулер (Gökler, 2009; Hoşgörür and Orhan, 2017) мектептердің маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын буллингтің таралғанын және бұл мектептердің қауіпсіз мекеме болуына кедергі келтіретінін көрсетеді [3].

Буллинг мектеп өмірінің әртүрлі салаларына, яғни жалпы оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздік сезіміне, физикалық және психологиялық денсаулыққа, іс-шаралардың сапасы мен тиімділігіне, жалпы мектеп өмірінің мәдениетіне әсер етеді.

Мектептегі буллингті туындататын бірқатар факторлар анықталды және олар әдетте үш негізгі топқа бөлінеді: жеке, отбасылық және мектеп факторлары. Мектептегі қорлау оқушылардың үлгеріміне, физикалық және психологиялық денсаулығына қатты әсер етеді және бұл жағымсыз құбылыстар олардың өмірінде көпке дейін сақталуы мүмкін. Осы себепті, мектептегі буллингке педагогтер, психологтер, медицина қызметкерлері ерекше назар аударып және сақтықпен дер кезінде анықтап шешімін табу маңызды. Мектептегі буллинг себептерін анықтау және алдын алу үшін тиімді шараларды жүзеге асыруын жалпы оқушыларға осы құбылыстан зардап шекпеу үшін пәнаралық топпен қамтамасыз етілуі керек.

Буллинг және кибербуллинг девиантты мінез-құлыққа және мектепке қару алып келуіне түрткі болуы мүмкін [4]. ТМД елдеріндегі (посткеңестік кеңістіктегі) буллинг құбылысының таралуы туралы статистикаға келетін болсақ, ол әр мемлекеттерде бұл көрсеткіш әртүрлі. Мысалы, Қазақстан Республикасында бұл құбылысқа мектепте кем дегенде бір рет 66% оқушы, Арменияда – 19,7%, Қырғызстанда – шамамен 30%, Беларусь Республикасында – 2,4% бала тап болған екен [5].

Соңғы кезде Қазақстанда буллинг құбылысы теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да терең зерттеу нысанына айналууда. Себебі, денсаулық пен қауіпсіздік – бұл мемлекеттік саясатта да, білім беру жүйесінде де баса назар аударылатын нәрсе. Ашық физикалық зорлық-зомбылық әрекеттерінің жағдайлары біржақты қарастырылууда және оларға қарсы әрекет ету құралдарын іздестіру қарқынды жүргізілсе, психологиялық зорлық-зомбылық қоғамдық пікірде де, ғылыми зерттеулерде де тек талқылау нысанына айналады. Мектептегі білім алушылардың өзара әрекеттесуінде физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда. Бұл жерде мектептерді қауіпті орта ретінде қабылдау факторларының бірі ретінде буллинг мәселесі қарастырылады.

Сонымен қатар мектеп буллинг проблемасы жаһандық мәселеге айналууда. ЮНИСЕФ 2014 жылы құрбылар тарапынан қысым көрсетуді заманауи білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі ретінде анықтады.

ЮНИСЕФ-тің атқарушы директоры Г. Фордың пайымдауынша, білім – ол бейбіт қоғамның негізі, бірақ мектеп бүкіл әлемдегі миллиондаған балалар үшін қауіпсіз орын емес.

Буллингтің салдары мектептегі психологиялық ортаға кері әсер етіп қана қоймай, білім сапасына да әсер етеді. TIMSS, мектептегі математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру сапасына арналған халықаралық мониторингтік зерттеу сенімсіздік пен мектептегі зорлық-зомбылықтың жиі орын алуы оқушылардың оқу нәтижелеріне теріс әсер ететінін анықтады.

БҰҰ-ның Балаларға қатысты зорлық-зомбылық жөніндегі дүниежүзілік есебіне сәйкес, мектептерге жетекшілік ететін және жұмысқа қабылдайтын ересектер мектептерде гендерлік теңдік, зорлық-зомбылық жасамау, кемсітушілік, төзімділік және

өзара құрмет құндылықтарын басшылыққа алуына жауапты. Бұл құндылықтарды үкіметтер БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын (БҚК) ратификациялаған кезде, мемлекеттердің балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінде, соның ішінде білім беру ұйымдарындағы зорлық-зомбылықтан қорғау және оларға нақты құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерімен бірге қабылдайды. Сонымен қатар, барлық балалардың сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету БҰҰ-ның Мыңжылдық даму мақсаттарының ажырамас бөлігі және осы мақсатқа жету үшін мектептер барлық балалардың кемсітушілік пен құқық бұзушылықтарсыз ортада білім алуы үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз етуі керек [6].

Буллингті зерттеудің өзектілігі қорқытумен бетпе-бет келу тәжірибесі барлық қатысушылардың мінез-құлқы мен көзқарасына әсер етіп, олардың үстемдік немесе бағыну әдетімен тұрақты мінез-құлық үлгілерін қалыптастыратындығына байланысты. Қысым көрсететін балалар жазасыз қалуға дағдыланады және өз құрдастарына қарағанда жиі девиантты мінез-құлық түрлерін көрсетеді (төбелес, ұрлық, бұзақылық, қару ұстау, сабақтан қалмау, психоактивті заттарды қолдану және т.с.с.). Қысымға ұшыраған балаларда мазасыздық пен депрессия, апатия, бас ауруы және т.б. бұзылыстар жиі кездеседі, оқу үлгерімі төмендейді, олар әлем қауіптерге толы және болып жатқан оқиғаларға әсер ете алмайды деген ойды дамытады.

Мектептегі буллингтің алдын алу және осы мәселені азайтудың бір жолы – болашақ педагог мамандарды даярлау барысында жүргізілу керектігін байқатады. Буллинг мәселесіне байланысты интервенсиялық құзыреттілікті дамыту қажет.

Зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау: анализ, синтез, ой қорытындылау, салыстыру және сауалнама әдісі қолданылды.

Талқылау және нәтижелер

Әдебиеттерге шолу. Мектептегі буллинг тақырыбына арналған басылымдар XX ғасырдың басынан дамуда (Дюк, 1905), дегенмен скандинавиялық зерттеушілер бұл мәселені жүйелі түрде бірінші болып зерттеді. Скандинавиялық зерттеушілер мектептегі буллинг мәселесін ғылыми-теориялық айналымға енгізді (Heinemann, 1973; Olweus, 1984; Pikas, 1975; 1976; 1989; Roland, 1983; 1988; 1989), мәселені шешуге үлес қосты.

Батыс ғалымдары буллинг құбылысына 20 ғасырдың басында назар аударды. Д.Лэйн мен Э.Миллер мектептегі қорлауды бір немесе бір топ балалар тарапынан басқа балаға (әрі басқа балаларға) қасақана, физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылықтың ұзақ процесі ретінде қарастыра отырып сипаттады [7].

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес балалардың ерекше қорғалу мен көмекке құқығы бар. Бала құқықтары туралы конвенцияға және балалардың құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы басқа да халықаралық актілерге қол қою арқылы Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың негізінде балаларға өмір

сүруіне қолайлы және мейірімді ортаны құру жөніндегі өз міндеттемелерін білдірді. Балалардың бақытты және қорғалған балалық шақты қамтамасыз ету еліміздің басты ұлттық басымдықтарының бірі.

Балалар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, Қазақстанда сауалнамаға қатысқан балалардың 12,4%-ы буллингке тап болған, яғни олар өз құрбыларынан, үлкенірек балалардан эмоционалдық және физикалық зорлық-зомбылық көрген. Қызылорда (18,1%), Ақмола, Ақтөбе облыстары (16,5%) алаңдаушылық туғызады. Орташа республикалық деңгейден төмен Алматы (7,6%), БҚО (8,3%) [8].


ЮНИСЕФ-тің «Күнделікті сабақ: Мектептердегі зорлық-зомбылықты тоқтату» есебіне сәйкес, әлемдегі 13 пен 15 жас аралығындағы мектеп оқушыларының жартысы немесе шамамен 150 миллион бала мектепте және мектептен тыс жерде құрбыларының зорлық-зомбылыққа ұшырағанын хабарлайды [9].

Буллингтің салдары ретінде қатыгез әлемнің тағы бір құбылысы «скулшутинг» (schoolshooting) орын алуда. Бұл термин оқушы немесе мектепке кірген бөтен адам жасаған студенттердің жаппай өлтірілуін білдіреді. Скулшутинг АҚШ-тағы Колумбин орта мектебінде болған оқиғадан кейін кеңінен танымал болды, онда 1999 жылы 20 сәуірде екі оқушы мектепте он үш адамды атып өлтірді, содан кейін өзін-өзі өлтірді [10]. Бұл өрескел қорқынышты жағдай. Бірақ одан да жаманы, бұл кісі өлтіргендердің дерлігі сыныптастарының қорлауының құрбаны болған деген түсінік бар. Үмітсіздікке ұшыраған жасөспірімдер қару алып, құқық бұзушыларды атып тастады.

Отбасылық қарым-қатынастардың ерекшеліктері оқушының буллинг кезінде бастамашы немесе құрбан ретінде әсер ететінін көрсететін зерттеулер бар [11].

Буллингті қарастыру маңызды, өйткені мәліметтер олардың барлық тараптар үшін жағымсыз салдарға әкелетінін көрсетті. Зардап шеккендер мазасыздық, депрессия, психикалық ауру, суицидтік ой және ересек өмірде психикалық ауруға алып келетін белгілерді дамытады, ал бұзақыларда депрессия, суицидтік ойлар және ересектер арасындағы қылмыс сияқты жағымсыз салдары дамиды [12]. Мектептегі буллинг оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығына зиянды, сондықтан бұл сұрақ біздің үнемі назарымыз бен ойларымызға лайық. Невротизм, ашықтық және жағымдылық деңгейлері мектептегі буллингті оң немесе теріс жағынан болжай алады. Сонымен қатар, жалғыздықтың жоғары деңгейі буллингті күшейтуі мүмкін, ал өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы мектептегі қысым көрсетудің жиілігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан оқушыларға өзін-өзі бағалауға көмектесу, сондай-ақ олардың жалғыздығын азайту мектептегі буллингті азайтудың маңызды тәсілдері болып табылады [13].

Зерттеулерге талдау жасай отырып, біз келесідей негізгі буллинг салдарын нақтыладық (1 сурет).



Сурет 1. Буллингтің салдары

Зерттеулер сонымен қатар буллингке қарсы саясат пен мұғалімдердің буллингке араласуы арасындағы байланыстың екіұшты болуына әкеледі. Бір зерттеулер буллингке қарсы саясаты бар мектептердегі мұғалімдер мұндай саясаты жоқ мектептердегі мұғалімдерге қарағанда буллинг жағдайларына көбірек назар аударатынын көрсетті. Керісінше, тағы басқа бір зерттеуде буллингке қарсы саясаттың болуы мұғалімдердің буллингке араласуымен байланысты емес екенін көрсетті. Антибуллингтік шаралар өткізілетін мектептерде буллингке қарсы саясаты жоқ мектептерге қарағанда ауызша және физикалық қысым көрсету деңгейі төмен [14].

Мектептегі буллингтің алдын алу мәселесін шешуде кәсіби дайындалған педагог-психологтер маңызды рөл атқарады.

Болашақ педагог-психологтердің буллинг ұғымын түсіну деңгейін анықтау бойынша сауалнама жүргізілді.

1.1. Сауалнама жүргізу тәртібі. Жалпы зерттеу мақсаты: болашақ педагог-психологтердің буллинг ұғымын түсіну деңгейін анықтау, соның негізінде ұсыныстар беру.

Жалпы сауалнамаға 126 студент қатысты, оның 114 қыз және 12 ер адамдар. Қатысушылар 3 және 4 курс студенттері болды. Жас шамасы 19-25 жас.

Аталған мақсатта онлайн сауалнама жүргізілді. Зерттеу WhatsApp қосымшасы арқылы, Google форма сілтесімен онлайн сауалнама түрінде жүргізілді.

Зерттеуге қатысу ерікті болды. Онлайн сауалнама міндетті емес және анонимді түрде болды. Онлайн сауалнама қатысуға тарту үшін ешқандай ынталандыру қолданылған жоқ. Сауалнама

2021 жылдың қараша айының 15-нен 25-дейін қолжетімді болды.

Онлайн-сауалнама форматы бірнеше артықшылықтарға байланысты таңдалды.

Респонденттер үшін артықшылығы:

- Қатысушылар веб-сауалнамаға ыңғайлы уақытта және ыңғайлы жерде жауап бере алады.

- қатысушылар көбінесе веб-сауалнамаларды тез толтыра алады.

- респонденттердің адалдығын арттыруға әкелетін жауаптары анонимді;

- сұхбат берушінің қатысуымен салыстырғанда сезімтал сұрақтарға жауап беру ықтималдығы жоғары;

– «жасырын» қысым факторын төмендету, яғни жауап беру кезінде респонденттің дербестік деңгейінің жоғары болуы.

Зерттеу барысындағы артықшылық:

- Жеделдік, қысқа мерзімде үлкен көлемде ақпарат жинау мүмкіндігі;
- кеңістіктік кедергілерді жеңудің жеңілдігі;
- респонденттер үшін қолайлы жағдайлар қамтамасыз ету
- қажетті топтардың қол жетімділігі;
- берілген параметрлер бойынша респонденттерді таңдау мүмкіндігі;
- респонденттерге ақпараттық және консультациялық қолдау көрсету;


Буллинг зерттеу үшін анонимді онлайн-сауалнаманы қолданудың басты жағымды жағы – студенттердің жауаптарына әсер ету мүмкіндігін азайтады.

Атап өткендей, Google форма арқылы жүргізілген онлайн-сауалнаманың бірқатар артықшылықтары болды. Сондай-ақ талдаудың қарапайымдылығын да атауға болады. Зерттеу барысында алынған барлық нәтижелер диаграммалар мен графиктерде көрсетілген.

1.2. Сауалнама нәтижелері.

Сауалнама 5 сұрақтан тұрды. Студенттер 1-3 дейін жасы, жынысы бойынша және оқитын курсын жазу керек болды. Төртінші, буллинг ұғымының мәні неде, бесінші, буллингтің салдары қандай, алтыншы, буллингтің алдын алудағы педагог-психологтың рөлі және сегізінші, болашақ педагог-психологтерді буллингтің алдын алуға даярлаудағы ЖОО-да қандай іс-шаралар қажет деген сұрақтардан тұрды.

БУЛЛИНГ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ НЕДЕ



Сурет 2. «Буллинг ұғымының мәні неде» сұрағы бойынша жауап нәтижесі


Сауалнама нәтижесі бойынша, басым көпшілігі яғни 63 (50%) студент буллинг ұғымымен таныс емеспін деп, ал 47 адам (37%) буллинг тек физикалық қысым көрсету деп жауап берді. Сонымен қатар, 16 адам (13%) буллингті физикалық және психикалық қысым көрсету деп түсінік берді (2 сурет).

Демек, болашақ педагог-психологтер буллинг ұғымының түсіну деңгейінің төмендігін көрсетеді.



Сурет 3. «Буллингтің салдары қандай» сұрағы бойынша жауап нәтижесі

Сауалнама негізінде анықталғандай, респонденттердің 35%-ті өзін-өзі бағалауы төмендейді, ал 24 %-ті буллинг салдарынан құрбан адам жасқаншақ және тұйықталып кетуі мүмкін деп жауап берді. Сонымен қатар 19 % респонденттер буллинг салдары суицидпен аяқталуы мүмкін десе, ал 22%-ті психикалық ауытқушылыққа алып келуі ықтимал деп жауап берді. Солай-ақ 7,6% болашақта қарым-қатынас құру қиыншылықтарына тап болады деп жеткізген (3 сурет).



Сурет 4. «Буллингтің алдын алудағы педагог-психологтың рөлі» сұрағы бойынша жауап нәтижесі

Буллингтің алдын алудағы мектеп педагог-психологтың ролін респонденттердің 45% жоғары,

24 % орташа, 14% төмен бағалады және 6% жауап беруге қиналамын деген жауаптарды берді (4 сурет).



Сурет 5. «Болашақ педагог-психологтерді буллингтің алдын алуға даярлаудағы

ЖОО-да қандай іс-шаралар қажет» сұрағы бойынша жауап нәтижесі

Респонденттердің 70%-і буллингтің алдын алуға даярлауда ЖОО-да арнайы курс қажеттігін көрсетті. Сонымен қатар 23% – тренингтерді ұйымдастыру қажет деп белгілеген және 4% студенттер осы тақырыпта дискуссиялар өткізу керек деп жауап берген. Сауалнамаға жауап берушілердің 2 %-і осы сұраққа жауап беруге қиналғанын жеткізген (5 сурет).

Жалпы сауалнамаға қатысқан студенттердің жартысынан басым буллинг ұғымының мәнін түсінбейтінін байқадық. Сонымен бірге буллинг тек физикалық әрі болмаса психологиялық қысым көрсету ғана деп түсінетінін байқалады. Студенттер буллингті бір зорлық-зомбылық түрі ретінде салдары бар екенін атап өтті. Сондықтан балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу кезінде мектеп педагог-психологтер мен мұғалімдер мектептегі буллинг құбылысын, оның құрбандар үшін ықтимал зиянды салдарын және буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін қажетті шараларды ұйымдастыруды және қажетті құзыреттіліктерді игеру тиіс.

Қорытынды

Жоғары көрсетілген сауалнама нәтижесі бойынша, білім ұйымындағы буллингтің алдын алу іс-шаралары болашақ мамандарды даярлау барысынан басталу керектігін көрсетіп отыр. Жоғары курс студенттердің басым бөлігі буллинг ұғымымен толық таныс емес. Бірақ бұл құбылыстың салдарының жағымсыз екендігін түсінеді. Студенттер

болашақ маман иесі, яғни университетте буллинг туралы және оның алдын алу туралы білімі болу керек. Заман талабына сай әр өзекті мәселені шеше алу құзіреттілігі болу қажет. Болашақ педагог-психологтерді білім беру ортасында буллингтің алдын алуға дайындаудың өзектілігі зор. Сауалнамаға қатысқан студенттердің жартысынан дерлігі (70%) арнайы курстың қажеттілігін көрсетті. Ол білім беру ұйымдарындағы буллингтің алдын алу бойынша арнайы курсты енгізу керек екендігін байқатады. Егер болашақ педагог-психологтер оқу барысында білім беру ұйымдарындағы буллинг құбылысының ерекшеліктерімен танысатын болса, онда студенттер білім беру ортасында буллингтің таралу ауқымымен, зорлық-зомбылықты сипаттайтын негізгі ұғымдармен, білім беру ұйымдарындағы буллингпен күресудің кешенді тәсілдерімен, осы құбылыстың алдын алу тетіктерімен және оның салдарын азайту бойынша мұғалімдердің мінез-құлық модельдерімен танысып қана қоймай, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіреді, білім беру ортасында буллингті болдырмау және оған ден қою жөніндегі тиімді іс-қимылдарға әзірлікті қалыптастыратын еді.

Теориялық әдебиеттерге талдау мен жүргізілген сауалнама нәтижелері болашақ педагог-психологтерді буллинг мәселесіне даярларлауда келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- Білім беру ұйымдарындағы буллингтің алдын алу бойынша арнайы курсы енгізу;
- Білім беру бағдарламасының мазмұнына тақырыптарды қосу;
- Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша арнайы курстың бағдарламасын (силлабусын) әзірлеу;
- арнайы курсты өткізуге арналған оқу-әдістемелік құралды дайындау;
- буллингке қатысты нормативтік-құқықтық актілерді меңгеру;
- өмірлік кейс жағдайлары бойынша материалдарын әзірлеу;
- тақырып бойынша тренингтер жүргізу;
- буллингтің алдын алуға арналған заманауи технологиялық оқу әдістерін қарастыру.

Авторлардың қосқан үлесі

Баймуханова А.Ж. – зерттеу мәтінін жазып, нәтижелерді жинауға, талдауға, түсіндіруге жауапты.

Әдебиеттер тізімі

1. Макарова Е.А. Буллинг как психологическое явление, изучаемое в рамках виктимологии // Вестник Таганрогского института управления и экономики. – 2018. – № 1. – С. 72-75.
2. Chen L., and Chen X. Affiliation with depressive peer groups and social and school adjustment in Chinese adolescents // Development and Psychopathology. – 2020. – № 32(3). – P. 1087-1095. DOI: 10.1017/S0954579419001184.
3. İsmail Hamit Hancı, Selen Özakar Akça. School Bullying // Journal of Education and Future. – 2020, – №18, – P. 113-121. DOI:10.30786/jef.691717
4. Keith S. How do Traditional Bullying and Cyberbullying Victimization Affect Fear and Coping among Students? An Application of General Strain Theory // Am. J. Crim. Justice. – 2018 №43. P. 67-84. DOI:10.1007/s12103-017-9411-9

5. Нестерова А.А., Гришина Т.Г. Предикторы школьной травли в отношении детей младшего подросткового возраста со стороны сверстников // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Психологические науки. – 2018. – №3. – С. 97-113. DOI: 10.18384/2310-7235-2018-3-97-114
6. Глазырина Л.А., Костенко М.А. Предотвращение насилия в образовательных учреждениях: методическое пособие для педагогических работников. – М. – 2015. – 145 с.
7. Лейн Д., Миллер Э. Детская и подростковая психотерапия. – СПб. – 2001. – 438 с.
8. Робин Н. Хаарп. Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау. ЮНИСЕФ есебі. Астана. – 2013 ж. – 162 б.
9. Доклад о положении детей в Республике Казахстан (An Everyday Lesson #ENDviolence in Schools// ЮНЕСКО Казахстан. – 2018. – С.37. URL: https://www.unicef.org/publications/index_103153.html/ (дата обращения 23.05. 2024)
10. Минделл Арнольд. Сидя в огне. М.: АСТ. – 2004. – 306 с.
11. Новикова М.А., Реан А.А. Семейные предпосылки вовлеченности ребенка в школьную травлю: влияние психологических и социальных характеристик семьи // Психологическая наука и образование. –2018. – №. 4. – С. 112-120. DOI:10.17759/pse.2018230411
12. Pörhölä M.Cvancara K.Kaal E.Kunttu K.Tampere K.Torres M.B. Bullying in university between peers and by personnel: cultural variation in prevalence, forms, and gender differences in four countries. // Social Psychology of Education: An International Journal. – 2020; – № 23 (1). – P. 143-169. DOI:10.1007/s11218-019-09523-4
13. Y. Zhang, Z. Li, Y. Tan, X. Zhang, Q. Zhao, X.Chen. The Influence of Personality Traits on School Bullying: A Moderated Mediation Model. Front. // Front. Psychol., – 2021. P.1-11. DOI: 10.3389/fpsyg.2021.650070
14. Стратийчук Е.В., Чиркина Р.В. Позиция учителя в школьном буллинге // Современная зарубежная психология. – 2019. –№ 3. – С. 45–52. DOI:10.17759/jmfp.2019080305

Баймуханова А Ж.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Подготовка будущих педагогов-психологов: уровень понимания буллинга

Аннотация. Одна из основных проблем – явление различного рода насилия, имевшее место в условиях школы на современном этапе. Одним из видов этого насилия является феномен буллинга среди школьников Это часто встречается в детских группах в образовательных организациях. Актуальность проблемы буллинга обусловлена увеличением насильственных действий школьников по отношению друг к другу. Она затрагивает различные сферы школьной жизни, чувство безопасности учащихся и учителей, их физическое и психологическое здоровье, качество и эффективность мероприятий, культуру школьной жизни в целом. Последствия буллинга для ребенка могут длиться всю жизнь. Школьный буллинг показывает слабые стороны школы.

Учитывая актуальность данной проблемы, не вызывает сомнений необходимость подготовки будущих педагогов-психологов к профилактике буллинга. Темпы развития общества предъявляют новые требования к подготовке будущих педагогов-психологов. Последствия буллинга сложны, и чтобы избежать этого, необходимо обратить внимание на профилактику буллинга в школе. Поэтому в статье рассматривается вопрос подготовки будущих педагогов-психологов

к профилактике буллинга в образовательной организации, уточняется понятие и последствия буллинга. Проанализированы результаты анкетирования будущих педагогов-психологов по определению уровня понимания понятия буллинга и на его основе даны рекомендации.

Ключевые слова: будущие педагоги-психологи, понятие буллинга, профилактика буллинга, студенты, последствия буллинга.

Baimukhanova A.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Training of future teachers-psychologists: the level of understanding of the concept of bullying

Abstract. At the present stage, various forms of violence occurring within the school environment represent a significant problem. One of the forms of this violence is the phenomenon of bullying among schoolchildren.

This is more common in children's groups in educational organizations. The relevance of the problem of bullying remains due to the increasing number of violent acts among schoolchildren against each other. It affects various areas of school life, including the sense of security of students and teachers, their physical and psychological health, the quality and effectiveness of activities, and the culture of school life in general. The consequences of bullying for a child can last a lifetime. School bullying highlights the school's weaknesses.

Given the relevance of this issue, there is no doubt about the need to prepare future teachers-psychologists for Bullying Prevention. The pace of development of society imposes new requirements for the training of future teachers-psychologists. The consequences of bullying are complex, and proactive measures must be taken to prevent it. Therefore, the article discusses the problem of training future teachers-psychologists for the Prevention of bullying in an educational organization, clarifies the concept and consequences of bullying. The results of the survey to determine the level of understanding of the concept of bullying by future teachers-psychologists are analyzed, based on which recommendations are given.

Keywords: future teachers-psychologists, the concept of bullying, prevention of bullying, students, consequences of bullying.

References

1. Makarova E.A. (2018) Bulling kak psihologicheskoe yavlenie, izuchaemoe v ramkah viktimologii [Bullying as a psychological phenomenon studied in the framework of victimology]. Vestnik Taganrofskogo instituta upravleniya i ekonomiki – Bulletin of the Taganrog Institute of Management and Economics, 1, 72-75 [in Russian].
2. Chen, L., and Chen, X. (2020). Affiliation with depressive peer groups and social and school adjustment in Chinese adolescents. Dev. Psychopathol. 32, 1087–1095. DOI: 10.1017/S0954579419001184.
3. İsmail Hamit Hancı, Selen Özakar Akça (2020) School Bullying. Journal of Education and Future year, 18, 113-121. DOI:10.30786/jef.691717
4. Keith, S. (2018). How do Traditional Bullying and Cyberbullying Victimization Affect Fear and Coping among Students? An Application of General Strain Theory. Am. J. Crim. Justice 43, 67–84. DOI:10.1007/s12103-017-9411-9
5. Nesterova A.A., Grishina T.G. (2018). Prediktory shkolnoi travli v otnoshenii detei mladshego podrostkovogo vozrasta so storony sverstnikov [Predictors of school bullying against children of

younger adolescence by peers]. Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seriya: Psikhologicheskie nauki. №3, 97-113. DOI: 10.18384/2310-7235-2018-3-97-114 [in Russian].

6. Glazyrina L.A., Kostenko M.A. (2015) Predotvrashchenie nasiliya v obrazovatel'nyh uchrezhdeniyah [Prevention of violence in educational institutions.] Metodicheskoe posobie dlya pedagogicheskikh rabotnikov / edited by T.A. Epoy-na. M, 145. [in Russian].

7. Lejn D., Miller E. (2001) Detskaya i podrostkovaya psihoterapiya [Child and adolescent psychotherapy] St. Petersburg [in Russian].

8. Kazakstan mektepterindegi balalarga katysty zorlyk-zombylykty bagalau [Assessment of violence against children in schools in Kazakhstan] (2013), Astana [in Kazakh].

9. Doklad o polozenii detej v Respublike Kazahstan [Report on the situation of children 2018 in the Republic of Kazakhstan (An Everyday Lesson #ENDviolence in Schools)]. (2018). UNICEF Kazakhstan. Retrieved from (https://www.unicef.org/publications/index_103153.html) (accessed: 23.05.2024) [in Russian].

10. Mindell Arnold. Sitting in the fire. (2004) / A. Mindell // Moscow: AST.

11. Novikova M.A., Rean A.A. (2018) Semejnye predposylki вовлеченности ребенка в shkol'nuyu travlyu: vliyanie psikhologicheskikh i social'nyh harakteristik sem'i [Family prerequisites for the involvement of a child in school bullying: the influence of psychological and social characteristics of the family]. Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie. DOI:10.17759/pse.201823041. [in Russian].

12. Pörhölä M., Cvancara K., Kaal E., Kunttu K., Tampere K., Torres (2020) M.B. Bullying in university between peers and by personnel: cultural variation in prevalence, forms, and gender differences in four countries. Social Psychology of Education: An International Journal, 23, 143-169. DOI:10.1007/s11218-019-09523-4

13. Yun Zhang, Zuoshan Li, Yalan Tan, Xi Zhang, Qingyu Zhao, Xin Chen (2021). The Influence of Personality Traits on School Bullying: A Moderated Mediation Model. Front. Psychol, 1-11. DOI: 10.3389/fpsyg.2021.650070 DOI: 10.3389/fpsyg.2021.650070

14. Stratijchuk E.V., Chirkina R.V. (2019). Poziciya uchitelya v shkol'nom bullinge [The teacher's position in school bullying]. Sovremennaya zarubezhnaya psihologiya – Modern foreign psychology. DOI:10.17759/jmfp.2019080305 DOI:10.17759/jmfp.2019080305. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Баймуханова А.Ж. – бас автор, хат-хабар үшін автор, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Баймуханова А.Ж. – автор для корреспонденции, докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Baimukhanova A.Zh. – chief author, Author for correspondence, doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana, Kazakhstan.